БАЛҒЫН ШАҚТЫ АҢСАДЫМ (Разиф Сұлтанұлына)

Ұйқы-тұйқы заманның
Қиқы-шиқы тірлігінен шаршадым.
Алғы күннен аз ба үміт?
Әйтеуір, мен балғын шақты аңсадым.
Разифпен қой күзетіп,
Жұлдыздарды қызықтадым
Қанша мың?!
Ақ жұлдыздар арман ба?
Қара көкте шашқан оттай самсады.
Қошқарына колхоздың
Мініп шаптым,
Сауыс болып көйлегім.
Ертегімен апамның түсімде мен,
Жауды жеңіп, ерледім.

Жалаң аяқ, жалаң бас,
Соқадағы өгізді айдап терледім.
Көзімді ойып, қолқа жарған,
Мөлдір тердің кермегін-ай,
Кермегін!
Төрт ауылдың шырағданы -
Қараағаштың сағыныппын мектебін.
Бабалардың үлгісімен,
Ұстаздардың білімімен
Мен осында көктедім.
Соғыс та өшті,
Көктедім де, таңға ұмтылдым,
Күнге қарай беттедім.
Қасқа бие арқасында жалбиып,
Білім іздеп,
Қараағаштан кеткемін!

ИНТЕРНАТ АСХАНАСЫНДА **(Еңбек мектеп-интернатына)**

Интернаттың бір қанаты,
Кең бөлмесі - асхана.
Қақ ортада қайың стол -
Отыз қадам, жап-жаңа.
Төңірегі түгел бала -
Майдан жетім, ойлы көз,
Шүпірлеген ауыздармен,
Тек қалқиған бас қана.
Әрқайсында темір қасық,
Темір аяқ тарсылдап,
Асханаға «темір иттер»
Енген дерсің арсылдап.

Ыстық сорпа. Көкейде жоқ,
Басқа арман, басқа үміт.
Жаулағандай бойындағы
Бар ойынды, сырынды ап.
Ас таратқан даяшылар -
Бала шынар делдендеп,
Жанарыма сіңіп мәңгі
Асхана да көлбеңдеп.
Аспаз апай, дәм тосушы ең
Мейіріммен, анамдай;
- Қалқам, бүгін мектебіңнен
Нешеу алып келдің?- деп.
Санамыз да сол бір жылдар
Ертеректеу жетіліп,
Бал дәуреннің көкжиегі
Бірте-бірте сетіліп,
Ересектер әулетіне
Ұқсап бақтық, ұмтылып.
Интернаттың шәкірттері
Алмаушы еді екілік.

ДОСТАРЫМ МЕНІҢ

Көбелек қусақ бірге біз,
Жазылмаушы еді-ау, іргеміз.
Есілдің қайрақ құмында
Жатқан да шығар жүрген із.

Балалық думан тәтті кез,
Базары тарқап кетті-ау, тез.
Соғыстан соқыр келді әке,
Жанар боп жанды біздің көз.

Сенген отты ошақта,
Тұтаттық титтей болсақ та.
Әке боп бүгін отырмыз,
Әкесіз мәңгі қалсақ та.

Ағаны ойлап аулақта,
Мұңаюшы едік кей уақта.
Шалғысын алдық пішенге,
Ілулі қалған шарбақта.

Арманым менің, құштарым,
Ұдайы бірлік ұштарым.
Қырандар қонған биікке,
Бауырым жазып ұшпадым.

САҒЫНЫП КЕЛДІМ

**(Псков облысына қарасты «Пушкиногорьедегі»
Мүбәрак ағамның зиратына барғанда)**

Сағынып келдім мен сені,
Алыста жатқан бауырым.
Сағынды туған ел сені,
Сағынды өскен ауылың.

Шуылдап сәлем жолдады,
Қыстаудың қалың орманы.
«Қароба» шоқы жолдағы,
«Балықты» көлдің бар маңы.

Бала боп, балғын жас болып,
Кетіп ең үйден, ауылдан.
Іздедім көзге жас толып,
Айырылдым-ау, - деп бауырдан.

Сұрапыл отты майданда,
Фашистке ойран салыпсың.
Өлтіре қуып хайуанды,
Ел үшін кегінді алыпсың.

Ерлігің жайлы көрсеткен,
Бостандығы үшін халықтың,
Пушкиннің елі сен жеткен,
Тура өзі,-дейді алыштың.

Өмір бойы шешең де,
Сарғайып тосты жолыңды,
Мүбәрағым есен деп,
Жақсылыққа тек жорыды.

Өлімге қиған кім ұлын,
Оқытпай қойды аят та.
Аулада жүрді күнұзын,
Оқшауланып саяқтай.

Көзінің жасы сарқылып,
Жанарының оты өшті.
Мұң басқан жүрегі алқынып,
Бақилыққа ол көшті.

«Мүбәрағым!»- деп еске алып,
Шырқайтын сенің жырыңды,
Аптайымды да кетті алып,
Қатыгез ажал- жырыңды.

Сағыныш өртеп жүректі,
Мұң - тұман басты тұмшалап.

Ой деген жанды күйретті,
Батпандай басып жыл санап.

40 жыл бойы іздеппін,
Бауырым сені тынбастан.
Қыста кетіп, күз кеппін,
Бармаған жерім қалмастан.

Әкең менен анаң жоқ,
Бауырдан қалған мен ғана.
Әйелің де, балаң жоқ,
Іздеушің жалғыз мен ғана.

Тірліктің көрмей базарын,
Қыршын кеттің қиылып,
Қайғының тартып азабын,
Аллаға жүрем сиынып.

Елім деп кеткен қиылып,
Жаның болсын жәннатта -
Дейді ағайын жиылып,
Қолын жайып әр уақта.

НАН КЕЗЕГІНДЕ

(Соғыс жылдары Қызылжардың
«Сталин» көшесінде «Торговый»
деген нан дүкені болған)

Нанға тұрған кезекке,
Қайнаған жұрт безектеп.
Түн күзетіп, таң асып,-
Аштық тепті өзекке!

Таң атып, әй-жәй болғанда,
Дүкенге нан кеп толғанда.
Ашылды есік, лап қойды ел,
Басталды «майдан» сол манда.

Айқай-шу да аспанды -
Шалқайта кере бастады.
Сығылған ел кезекті,
Сырнайдай ғып тастады.

Нан алатын кәртiшке,
Ышқырында дамбалдың.
Кезегім де әр тұсқа
Бөлінді де - дал болдым.

Қысылған кемпір, шалдардың
Тірілігіне таң қалдым!
Кезекті тастап кейбіреу,
Ішінде төбелес, жанжалдың.

Кәртiшкесін ұрлатып,
Зарлап жүр жанға мұң артып.
Қырқысып кейін шығады,
Бет, мұрынын қызартып.

Үйрендім бе екен осыған,
Қорықпаймын да, шошыман.
Күтіп отыр үйде апам,
Нан алам деп асығам.

Зырылдаймын безектеп,
Бас батпайды кезекке.

Нан ала алмай, япыр-ау,
Болғаным ба боз өкпе?!

Екі жігіт маған кеп:-
Нан керек пе саған?- деп,
Аяқ-қолдан алды да,
Лақтырды мені самға !- деп.

Толғап-толғап атқанда-ақ,
Ұшып кеттім аспандап,
Топ еттім есік тұсынан,
Табанда—жұмыр бастар қап.

Нан алар тұсты болжап ап,
Төбелерде жорғалап,
Жеттім-ау нанға!
Ал бастар сыбап жатыр,
қарғап-ақ.

Қара нанмен қауышып,
Ол кеудеме жабысып,
Екеуізде - қырық аяқ,
Шаптық үйге жарысып!

ПУШКИНОГОРЬЕ ОРМАНДАРЫ

Ақ қайыңдар - ақ ормандар,
Ақ ормандар – ақ армандар.
Сендер - тірі, сендер - өмір,
Апшақ нұрдан жаралғандар.

Өмірге тым ғашықсыңдар,
Ақ жарқын да, ашықсыңдар.
Кәрі дала күмбезді көк
Биігіне асықсыңдар.

Аспанға асқақ қарайсыңдар,
Ай айдарын тарайсыңдар.
Біздерге ұқсап зор үмітпен
Жұлдыздарды санайсыңдар.

Жауын жастап құлағандар-
Кешегі ерлер, бұла жандар -
Бүгінгі орман ақ қайыңды,
Енді сендер құламаңдар.

АЛАУ КҮН –ТУ ҰСТАП

Тарыдай қорғасын
Қып-қызыл от болып
Төнгенде биіктен ысқырып,
Аспан қақ айырылып
Кетердей,
Бұлттар – сең соғысқан, ышқынып.
Жөңкілген қалың бұлт,
Қара бұлт
Ашыған іркіттей быжынап, бұрқырап.
Күн көзі жосадай,
Тамшылар қалтырап,
Сырғиды бейшара шырқырап.
Алып жер -
Адыра қалған бір қайықтай,
Тулаған толқынмен теңселіп,
Тітіреп, шошынып,

Топырақ шашады,
Кеудесін сызғанда оқ еңсеріп.
Топырақ шашады
Адамдар,
Лаңшыл, сотқарға
Ел - жұртқа жақпаған.
Топырақ шашады
Адамдар
Зәбіршіл жауызға
Әйелдің намысын таптаған.
Жер – ана ашулы,
Шашады,
Қаһарлы соғыстың көзіне
Топырақ уыстап,
Тыныштық жасқанбай
Келсін деп
Әлемге,
Алау күн – ту ұстап.

ЖАРАЛЫ ЖАУЫНГЕР

**Ұлы Отан соғысының ардагері
Гәкку Медиевтің рухына арналады**

Басы зеңіп,
Демі кеміп
Кеуде қысып қалады.
Қолы ұйып,
Дене күйіп,
Жанын қинап барады.
Жерге еніп,
Шегеленіп,
Қалдым ба деп езіліп,
Шошып алғаш...
Қуанды рас,

Тірілігін сезініп.
- О, тіршілік,
О, тіршілік,
Адам қимас айдын ба ең?
От ішінен,
Оқ ішінен
Саған құшақ жайдым кең!
Судай тасып,
Көзін ашып
Ақ аспанға ол қарады,
Кірпіктен жас тамады.
- Тірімін мен!
- Тірімін мен!
Тірімін мен, ақ аспан!
Жарық дүние!
Жарық дүние!
Іңкәрім ең о бастан.
Бір ұлыңмын,
Бұлбұлыңмын,
Әуезіңе ән қосқан.
Қолдаушым сен,
Қорғаушың мен,
Апат жаудан алжасқан.
Солдат,
Солдат –
Жаралы жан бұл жатқан.
Ел қорғаушы,
Жер қорғаушы,
Қанды тырнақ зұлматтан.
Каска киіп,
Шинель киіп
Келмеген ол өмірге.
Найза ұстап,

Мылтық ұстап
Шығып па еді ол өңірге?!
Шығыстағы,
Алыстағы
Ауыл тұр көз алдында –
Тебіреніп
Аунағандай шалғында.
Дүркін-дүркін
Ойлар шіркін,
Әкетеді жыраққа.
Қайда жатыр,
Қайда жатыр,
Бұл жауынгер бірақ та?
Сатырлаған,
Пулеметтер,
Автоматтар үні өшіп,
Дала,
Дала,
Жатыр бүгін сіресіп.
Қан сасыған.
Қоңырсыған,
Түтін тыныс алдырмай,
Төтен,
Бөтен,
Үн шығады балдырлай.
Фашист!
Фашист!
Жау қолында қалыпшын.
Онда
Шын-ақ
Ішінде екем тамұқтың!
Ұлым,
Ұлым,

Демес енді анам да,
Ұлан!
Ұлан!
Демес енді далам да,
Ауылдастар,
Бауырластар,
«Біздің жерлес өрен!» - деп,
Қыздар,
Қыздар
Суретіме таласпасын көрем деп.
Талай –
Талай –
Жаудың қиған желкесін
Жатыр
Батыр
Көтере алмай өр төсін.
- Майдан дала,
Қайдан ғана
Болдым неге тірі өлік?
Өлілермен,
Өлілермен
Қалсам еді бірге өліп!
Қаптап,
Таптап
Өліктерді сүйрелеп,
Иіскелеп,
Тіміскелеп,
Бөрілердей үймелеп.
Аш иттер –
Фашистер,
Төңірекке ұры көзбен қарасып,
Сынып қалған
Сирақтардан

Тартып жатыр.
Етіктерді таласып.
Қанға батқан,
Жеке жатқан
Сыңар қол да үзілген
Жылт-жылт
Жарқыл —
Соған көздер сүзілген!
Жүзік!
Жүзік!
Шуылдады бір-бірінен қызғаныш.
Талас!
Тартыс!
Төбелес те қызды анық.
- Өліктерді
Тіміскеліп
Жүрген мына жауыздар,
О, құдірет,
О, құдірет!
Бөбекті де бауыздар.
Көрдім бәрін,
Көрдім кәрін
Жыртқыштығын ондайдың
Өмір —
Тәңір!
Қалай оны,
Іші жібіп қолдайды.
Мазағына,
Азабына
Қалай тірі көнейін!
Қайда?
Қайда?
Автоматым,

Атылып-ақ өлейін!
Жан ұшырып
Автоматқа қасындағы қарманды,
Ол да бірақ,
Жатқан жырақ
Жету де күш, арман-ды,
Есі ауып,
Өпті хауіп,
Шырақ сөніп барады...
Сәуле,
Сәуле,
Кірпіктердің арасынан қарады.
Фашистердің
Шуылдаған,
Дауысы жарып құлақты,
Денесіне,
Жанған шоқты,
Басып тұрған сияқты.
- Шыда,
- Шыда,
Жаудың қанды найзасына
Тарланым,
Көрмей қалсын,
Сезбей қалсын
Кеудемде әлсіз жан барын...
Шырылдама,
Сырылдама,
Жаралы жас жүрегім!
Өзіңсің ғой,
Өзіңсің ғой,
Жалғыз ғана тірегім!
Найзаласын!
Найзаласын! —

Деп жауынгер тістенді.
Тістенді де –
Қалды қатып.
Сезбей сынған тістерді.
Ала алмассың,
Таба алмассың
Мендегі үлкен намысты.
Жүрек,
Жүрек,
Намыспенен ес білгеннен табысты.
Туған елдің
Туған жердің
Намысымда нәрі бар.
Қайраты бар.
Айбаты бар
Жылылығы – бәрі бар.
Жаулар,
Жаулар,
Жындандырды сендерді осы
Пәрменім,
Мені аттап,
Мені таптап,
Өтуге жоқ дәрменің
Үнсіз,
Тілсіз
Бейне жансыз тас жатыр,
Белін буған,
Берілмеуге
Дұшпанына қас батыр.
Кілең батыр
Келе жатыр
Дұшпанына ақырың,
Жойқын,

Толқын,
Жолдағысын жапырып.
Автоматтар,
Пулеметтер
Сөйлеп кетті сатырлап.
Жеңілді деп,
Шегінді деп
Дәмеленген тобыр жау
Быт-шыт
Қашып...
Құлап жатыр жапырлап.
Қуылды жау,
Қуылды жау
Осынау бір алаптан
Құйттай жерде,
Бостандықтың таңы атқан.
Намысына,
Намысына,
Найза бойлай алмаған,
Батыр,
Сағын
Жаулар сындыра алмаған.
Жатыр,
Батыр,
Құшағында достардың.
Себебі боп,
Қуаныштың
Сыңғырлаған тостардың.
Жігіттікке,
Өжеттікке.
Риза боп ел біткен.
Сусындайды,
Сыр тыңдайды.

Ұрпақ осы ерліктен.
Ертегідей.
Шертеді жыр.
Өз ағамыз мұны айтып,
Отты жылдар.
Елестейді.
Тыңдаушысын мұңайтып.
Жаңа ғана.
Келгендей-ақ
Зәрлі жауын ойран қып,
Ерлігімен,
Өрлігімен
Қауым жұртты қайран қып.
Бүгілмейтін,
Екі аяқ,
Сырықтай бір серендеп,
Келеді ол.
Ақ таңдарды —
Әлі талай көрем деп.

ПУШКИНДІ ҚОРҒАҒАН БАТЫР БАУЫРЫМ МҮБӘРАК

Мүбәрак менің жалғыз ағам болатын. Ол 17 жасында Ұлы Отан соғысына өзі сұранып кеткен еді. Өзі туып-өскен ауылы Қарағаштағы орталау мектепте оқып жүргенде комсомол қатарына өтемін деп жасын ілгерілетіп, туған жылын 1923-жылғы деп жаздырады. Ал шын туған жылы - 1925 — жыл екен. Оны кейін өзімен бірге өскен, бір мектепте, бір партада отырып оқыған, майданға бірге аттанған қанды көйлек досы

Өмірзақ Ғайсаұлы ағамыз айтқан еді бізге. Ол тұста біз сияқты жастарда патриоттық, Отансүйгіштік сезім, қасиет өте жоғары болды деп әңгімелейтін Өмірзақ аға.

Мүбәрак ағам Қарағаш мектебінде де, кейін Петропавл педтехникумында да өте жақсы оқып, құрбы-құрдастарының алды болыпты. Мектеп оқушыларының концертті болғанда Мүбәрактің әнін тыңдаймыз деп, тіпті, ауылдың үлкендері, ақсақалдар, әжелер барушы еді, қарағай мектептің кең залы халыққа лық толатын. Ол домбырамен “Көгәршін” деген әнді шырқағанда залдың іші тербеліп кеткендей әсер қалдыратын дейтін Мүбәрак ағамды көзі көрген тұстасы Сақтаған Садуақасов ағай. Ол көбіне халық әндері мен халық композиторларының – Ақанның, Ыбырайдың, Біржанның әндерін тамаша орындайтын еді ғой, -деп еске алатын Өмірзақ ағам.

Сөйтіп, өзі әнші, әрі домбырашы Мүбәрак, ауылда өнерпаз жігіт атанып, зор құрмет, қошеметке бөленіп жүріпті.

Мүбәрактің өлең жазатын да қабілеті болушы еді, кейде жақсы көрген қызымызға арнап оған өлең де жаздырып алушы едік,- деп күлісіп естеріне алатын Сейтәлі, Өмірзақ, Ғалымжан ағалар. Тақыр жерге шөп шықпайды ғой, Мүбәрактің өлеңге, әнге және домбыра тартуға ұмтылуының негізі оның аяулы шешесі Бәтіш апамыздан дарыған қасиет болатын. Ол кісінің өзі де өлеңді суырып салып айтатын. Бәтіш апамның сол өлеңдерінің бір шумағы есімде қалыпты :

Мүбәрак, Өмірзақ пен Сағымбайым,

Қалайша мен сендерді сағынбайын.

Тебіскен құлын-тайдай өсіп еңдер,

Көзден ғайып болдыңдар сағымдайын.

Біз, Мүбәрактің достары Бәтіш апамның айтқан ертегілерін, қисса, дастандарын естіп өстік. Ол кісі ауыз әдебиетін жақсы

білетін және көп білетін еді. Әр дастанды, қиссаны өзінің мақамымен, әндетіп айтатын. Бізге батырлар жайында айтатын жырлары қатты әсер ететін Бәтіш апамның деп, - жүруші еді Өмірзақ аға.

Әскер қатарына шақыртылған Қарағаш ауылының алты жігітін алдымен Семей қаласына әкеліп, бұларды қиыр шығысқа қарай жөнелтпекші болады, бірақ патриоттық сезімдері жалындап тұрған жастар, бізді батысқа, майданға — фашистермен соғысқа жіберсеңіздер екен деген тілек айтады, және өздерінің осы өтініштерінің орындалуын талап етумен болады. Олар; Мүбәрак Қожахметов, Өмірзақ Ғайсин, Шәріп Әбділмәнов, Мағжан Нұрғалиев және Мырзағали Ыбырайымов.

Сонымен 1942-жылы Қарағаш ауылының халқы, ата-ана, туған-туыстар Мүбәрак ағамды жолдастарымен қанды майданға шығарып салады. Ол кезде мен бес жаста болсам керек, ағамның кескін-келбетін тұман ішінде көргендеймін. Тек есіме шала-шарпы келетіні — оның мені көтеріп алып, құшақтап жүргені, бетімнен сүйгені ғана. Апамның айтуы бойынша, бүкіл ауыл адамдары майданға бара жатқан жастарды ауылдың сыртына қарай шығарып бара жатқанда олардың арасынан Мүбәрак сытылып шығып, ауылға қарай жүгіре жөнелді. —Япыр-ау, не болды екен, бір затын ұмытты ма екен?— деген оймен мен де оның соңынан жүгіріп үйге келдім. Келсем Мүбәрак сені көтеріп құшақтап төрде “бауырым, бауырым”,— дегенін ғана естідім, жыламсырап жүр екен. Мүбәрак мені көрді де көзінің жасын көрсетпей, сені қолынан түсіріп, үйден асығыс шықты да, ауылдан онша ұзай қоймаған жолдастарына қарай жүгіріп кетті, - деп есіне алушы еді апам марқұм.

Мен талпынып жүре бастағанда-ақ ағам қолымнан жетелеп, жүргізіп, ойнатып қызықтайды екен. Кешке қарай ауыл жаста-

ры мектеп жанына жиналып волейбол, футбол және басқа да спорт түрлерімен айналысқанда ол мені де қасынан қалдырмай сол думанды қызыққа ала баратын көрінеді. Оны мен кейін білдім, ағамды көзі көргендердің айтуы бойынша ғана.

1943-жылы әкем ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін дүние салды.

Күн жылынып, қар кеткен, көктемнің бір жаймашуақ кезі болса керек, мен балалық әсерге бөленіп, төңіректі қызықтап жүрген екенмін. Мені бір апай қолымнан жетектеп үйге қарай келе жатып; сені тәтең шақырып жатыр, -деді. Мен әкемді “тәте” дейді екенмін. Әкемді үлкен балалары солай атаған көрінеді, соны естіп, кішкентай мен де оларды қайталағанмын ғой.

Мен үйге келсем әкем бұрынғыдай төсекте жатыр. Үйде мен танымайтын адамдар отыр, шамасы ағайын-туғандар ма екен? Әйтеуір бөлме іші тыныштық құшағына енген, ешкім үн қатпайды.

Әкем жастықтан басын көтерген жоқ. - Құлыным, бері кел, - деді маған. Мен әкемнің жанына жақындадым. – Мен сенің тым болмаса он жылдық киіміңді дайындап кете алмадым. Мүбәрак майданнан аман-сау келсе бір күнгідей болмас, ал ол келмей қалса, сорың қайнайды ғой, балам. Үлкенді сыйла, ғайбат сөйлем, өтірік айтпа. Арақ пен шылымнан аулақ бол, құлыным. Оқуды жақсы оқы, - дегені есімде. Әрине, бұл жайды апам марқұм үнемі айтып отырмаса, шындығында, менің ұмытып кетуім де ғажап емес еді. Сонау науша шағымда бір кішкентай ғана “балалық” жасап қалсам, шешем әкемнің бұл дүниеден өтер алдында маған айтқан ақылын есіме салып отыратын.

Мүбәрак ағамнан хат келіп тұрышты, бірақ майданнан келген оның үшбу хаттарының бірі сақталмапты. Сақталғаны

әскери бөлімнің бастығы майор Сидельниковтің ағамның ата-анасына жолдаған мақтау қағазы ғана. Онда ;

- Сіздің ұлыңыз сержант Мүбәрак біздің бөлімде қайтпас қайсар, өжет барлаушы болып саналады. Халқымыздың нұрлы болашағы мен бақыты үшін, біздің сүйікті Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін фашистік басқыншылармен шайқаста ол қаһарлы дұшпанынан қаймықпайтын туысқан қазақ халқының нағыз ер жүрек ұлы, батыр жауынгер екенін көрсетті.

Жаудың артиллерия, минометтері мен пулеметтерінің жаңбырша жауған снаряды мен оғының астында жүріп, фашистердің артиллериясы шоғырланған жерге өте жақын барып, өз өміріне төнген қауіп-қатерге қарамастан, бар күш-жігерін сарп ете отыра, барлау жұмыстарын жүргізіп, хабарлаудың нәтижесінде, біздің артиллерия олардың талқанын шығарды.

Отан алдындағы қызметін жоғары бағалаған командования бөлімі тарапынан ол зор құрмет, үлкен сенімге ие болды.

Қаһарман барлаушы – артиллеристің даңқы арта берсін! Ержүрек жауынгер тәрбиелеген отбасының даңқы арта берсін! – деп жазыпты.

Мүбәрак ағамның қанды майданда көрсеткен ерлігін паш ететін мұндай хаттар жиі келіп тұрыпты. Мүбәрактің батырлығын, ерлігін әйгілеген хаттарды ауыл адамдары, мектеп оқушылары қолдан қолға түсірмей оқып, жерлес бауырларының фашистермен соғыста көрсеткен өжеттігіне, батырлығына тәнті болып жүрген көрінеді.

Шешем майдандағы ұлынан келген хатты құдайы көршіміз болған Қайыржан ағайдың (Ахметжанов) жасөспірім Сабыр деген ұлына оқытып, жауап хатты да соған жаздырады екен.- Сабыр өте ұқыпты, тиянақты, жазуға да шебер еді,

оқуға талпынып, кісі болайын деп тұрған бала еді, оның да ғұмыры қысқа болды ғой, - деп есіне алып отыратын шешем.

1943-жылдың көктемінде әкем қайтыс болған. Келесі жылдың көктемінде біздің үй әкемнің жылын (дұғасын) өткізіп жатқан. Ас ішіліп, құран оқылып, жиналған ел тарқаса бастаған. Бір кезде үйден шыққан адамдар топырлап қайта келді. Иса деген ауыл ақсакалы бар еді, сол кісі Мүбәрак ағамның соғыста ерлікпен қаза болғанын жанашыр атаның сөзімен шешеме жеткізді. Отырған жұрттың бәрі жылап, үйдің іші күңіреніп кетті. Апам есінен танып қалса керек, бет-аузын қып-қызыл шимандай етіп жосылтып, тырнап, шашын жұлып тастады. Біреулер шешемнің бетіне су бүркіп, басу айтып жатыр. Баламын ғой онда, мен ағамнан келген қаралы хабарға емес, шешемнің мынандай халінен шошып, өкіріп, домалап жыласам керек.

Өмірге көзімді тырнап ашқанда, біздің шаңыраққа тап болған қайғы-қасірет менің жүрегімде мәңгі орын алып, сақталып қалды.

Қаралы хабарды естіген шешемнің өзім көрген қайғылы халін кейін былай толғағамын;

Бетін осып тастады, бетін осып,
Шимандай. Күреңітіп қаны жосып.
Бөз көйлектің боялып омырауы,
Боздауына боздауын ел де қосып.
Азынады! Құдайдан қайыр аз да.
Апшы даусы аспанды айырардай.
Ұлын апам жоқтады, Алланы да,
Қарғады, тоқтар ма енді бәрін қазбай.
Фашистерді қарғады, соғысты да,
Кегі де, ашуы да тоғысты ма?
Тағдырын да қарғады тұл боп өткен,

Көрмеген қуанышты, алғысты да.
Қанды жас мен көрмеген бұрын соңды,
Қанды бас, көзі іренкі, жүзі солды.
Жұла берді шашын ол қан ұйыған,
Тастай болып қарысқан бұрым қолда.
Зарлады! Сай-сүйекті шымырлатты.
Үрейім ұшты, оллаһи, шынымды айттым.
Ащы даусы – ашуы, ызасы ма? –
Құлағымда әлі де шыңылдап тұр!

Апам Мүбәрагін жоқтаумен болды. Түн болсын, күндіз болсын соғыстан оралмаған ұлы есіне түсіп кетсе, азынап жылайды. Жай жыламайды, сөйлеп жылайды. Біреулерге ұрысқандай, лағнет айтқандай. Мен сол кезде апамнан зәрем ұшып, қорқам. Менің үрейлі түрімді байқай ма, шешем байғұс жылауын саябырсытады, өксігін баса алмай, солқылдап отырып, кішкентай мені алдына алады, ал мен апамның баурында ұйықтап қалам.

Көңіл айтуға келген ауыл адамдарына құран оқытпайды. Менің Мүбәрагім үйден тірі кеткен, ол өлген жоқ, бір жерде жүрген болар, келіп қалады, тірі адамға дұға оқығаны несі деп, әлгі адамның жер-жебіріне жетіп, тіпті, байғұсты үйден қуып та шығатын.

Апам баласын жоқтап дауыс қылғанда, біздің үйдің сұңқар деген сары иті қораның төбесіне шығып алып ұлитынды шығарды. Үйден апамның жылаған даусы естілсе болды, ит те қосылып боздағандай болады.

Ит жеті қазынананың бірі деуші еді қазақ, мына байғұс та Мүбәракті іздеп тұр-ау, - дейді екен сары иттің қора төбесінде ұлып тұрғанын көрген жұрт, таң қалып.

... Ұли берді ол ағамды жоқтағандай,
Жас баладай жылаған тоқтай алмай.

Қайран ағай жаралы жанталасып,
Қиналды ма қаруын оқтай алмай?
...Қорғасын боп жауына ол атылды ма?
Тереңіне теңіздің батырды ма?
Жауды қуып бара ма, түнді түріп,
Елдің таңын сөйтіп ол атырды ма?
Үш күн ұлып ит-тағы қара жойды.
Қара жойды ол – толқытып барады ойды.
Балалық – ай, табардай ағайды іздеп,
Баурай берді үміт пен нала бойды.

Жылдар жылжып өте берді. Бауырымның қай жерде жаумен соғысып, қай жерде қаза болғанынан біз бейхабармыз. Өйткені шешем байғұс ашу-ызаға булығып, қасіретке күйініп жүріп, ағайдың қазасы жайлы келген қаралы қағазды күл-күл етіп жыртып тастапты. Мүбәрак ағамның қай жерде, қандай жағдайда қайтыс болғанын ілгергі жақтың архивтерінен хат арқылы сұрасақ, оның 1944 – жылы майданда опат болғанын жазады да, өзге сұрағымызға жауап жоқ. Тіпті, соғыс аяқталғаннан кейін бірнеше жыл бойы әбден сіңіріміз шыққанша, басы аман, бауыры бүтіндермен бірге үкіметке салықтың барлық түрін төлеп тұрдық қой.

Шешем марқұм өмірінің ақырына дейін Мүбәрагін аңсаумен, келіп қалар деп тосумен, күтумен болды. Ауылда тұрғанымызда жаңа түскен келіні Зүбәйраға; -қарағым, бір асым етпен, бір құшақ отыныңды әр уақыт сақтап қой. Мүбәрагім келіп қалар, - деуші еді.

Ағамды іздеп хат жазбаған, хабарласпаған жеріміз жоқ, сол жауап хаттардың өзі қазір қарап отырсақ, бір папка болыпты.

Баласын аңсап сағынумен шешем де дүниеден өтті. Бірімізге біріміз сүйеу болып жүрген апайым Қизат та өмірден озды. Шүкір, екеумізде де балалар бар, бірақ, Мүбәрак ағамнан

ұрпақ болмай қалғаны жанға батады екен. Онда әке де, шеше де, әйел де, бала да жоқ, тіпті, оны іздейтін адам болмай қалды. Жаман айтпай, жақсы жоқ, ертең мен олай-былай болып кетсем, оны іздемек түгіл, кейінгі ұрпақ :- Мүбәрак деген кім өзі? - деуі мүмкін ғой. Оның біздің Отанымызды, бізді және біздің ұрпағымызды жаудан қорғап, сол қантөгіс қырғын соғыста ерлікпен қазаға ұшырағанын кім біле береді дейсің. Трагедия, міне, осында! Осы ой мені мазалай беруші еді. Бірде қолыма 1998 – жылы шыққан “Боздақтар” кітабы түсті. Осында менің ағамның аты-жөні кездесіп қалмасын деп кітапты парақтап үңілсем - “Қожахметов Мүбәрак, сержант. 1923-жылы Ленин ауданындағы Қарағаш ауылдық кеңесінде туған. 33 – АД, 164 – АП құрамында старшина ретінде соғысқа қатысып, 1944 – ж. 8 – көкекте қаза тапқан.

Псков облысына қарасты Пушкин ауданындағы Уткино деревнясында жерленген”,- деп жазылыпты. Қуанып кеттім. Ағамның қайтыс болған жерінің табылғанына, оның зиратының барлығына қуандым. Қуандым да, жыладым, жыладым да, қуандым. Марқұм ағамның аруағына бағыштап Құран оқыттым, өзім де Аллама сиынып, білген аятымды оқып жүрдім.

2000-жылы кітапта жазылған мәліметтің анық-қанығына көз жеткізу үшін Псков облысының ардагерлер кеңесіне хат салып едім, сол облыстың Пушкиногор ауданы әкімшілігі басшысының орынбасары В. К. Алексеевадан хатыма жауап алдым.

Құрметті Мүтәллап!

Ұлы Отан соғысына дейін Псков облысының Пушкиногор ауданында (бұрынғы Пушкин ауданы) Уткино деревнясы болған. 1941-жылдың маусымынан 1944-жылдың 12-шілдесіне дейін бұл аймақ фашист басқыншыларының қарамағында қалған

еді. Жау басып алған аудан территориясының бойымен (тарихта сұрапыл қанды қырғын болған жер атанған) “Пантера” деп аталатын күшті қорғаныс белдеуін жасады. Уткино деревнясы да осы бекініс шеңберінде қалған болатын. Жау басып алған аймақтарда болған қиян-кескі ұрыстарда екі жүз деревня отқа оранды, солардың ішінде Уткино да бар. Бұл деревнялардың кейін 58-і ғана қалпына келтірілді.

Дұшпанның “Пантера” бекінісін алу үшін болған шабуыл кезінде 3600 кеңес әскерлері окқа ұшты. Қаза болған барлық боздақтар, оның ішінде сіздің ағаңыз да бар, Чертова гора деп аталған туысқандар зиратына жерленген. Мұнда 1965 – жылы жергілікті халықтың күшімен ескерткіш орнатылды. Онда былай деп жазулы тұр:

“1944 – жылдың 26 – наурызы күні 578 және 435 атқыштар полктары мен 208 – атқыштар дивизиясы Великая өзенінен жойқын шабуылмен өтті. Сөйтіп жаудың мықты қорғаныс белдеуін талқандап, Чертова гора деревнясына бекінді. Бұл - кеңес әскерлерінің атақты да, ардақты А. С. Пушкин қорығы мен Пушкинские горы поселкесін неміс-фашистерінен азат етуге жасалған ұтымды жағдай, немесе, алғы шарт еді.”

1944-жылы наурыз айының 25-нен 26-на қараған түні 33-және 115-атқыштар дивизиялары жаудың бекіністерін тас-талқан етіп, оларды түре қуып, Кузовиха, Бельково, Заброво елді мекендерді, ал осы жылдың 26-наурызы күні түске таман 8-ші және 26-шы атқыштар дивизияларымен қосылып шабуылдаудың нәтижесінде стратегиялық маңызы зор жолды кесіп өтіп, Глыжино, Чертова гора, Гнелуха, Мишины, Мошино, Горушка және Забоево деревняларын жау қолынан босатты.

Жау бар күштерін салып айырылып қалған бекіністері мен деревняларды қайтару мақсатында жанталасты. Кеңес әскерлерінің тегеуіріні олардың бұл армандарының орында-

луына еш мүмкіндік берген жоқ. Бірақ біздің жауынгерлердің бұдан әрі қарай жылжуына да дұшпан қарсылық көрсетіп бақты. Шабуылға шығуға жақсылап даярлық жұмыстарын жүргізбесе, майдан алаңының өзі өте қолайсыз, ені де тар - 8-ақ километр болса, ұзындығы – 2-4 километрден аспайтын еді. Оның үстіне қалың орман дұшпанның бекіністерін көрсетпейді. Біздің дивизияларға қарсы жаудың 16-армиясы тұрды. Жау қорғанысын өте күшті ұстады. Біздің әскерлер 1944-жылы пілде айының басында ғана шабуылға қайта шықты.

Жыл сайын әскери Даңқ күндері - 9-мамырда, 23-ақпан мен 12-пілдеде аудан жерінің жаудан азат етілуіне байланысты Чертова гора ескерткіші жанына соғыс және еңбек ардагерлері, жастар, мектеп оқушылары және жергілікті халық жиналып, монумент іргесіне гүл шоқтарын қойып, қаралы – салтанатты жиын өткізеді. Мұнда соғыс ардагерлері сөз сөйлеп, кеңес жауынгерлерінің Ұлы Отан соғысында көрсеткен тамаша ерліктерін айтады.

Жан алысып, жан беріскен соғыс жылдары осы аудан жерінде қаза тапқан партизандардың, жауынгерлердің және бейбіт адамдардың 18 зираты бар, мұнда 7 мыңнан астам адам жерленген. Бұлардың барлығы да мектеп оқушыларының, жергілікті әкімшіліктің қарауында, күтімінде.

“Боздақтар” кітабында көрсетілгендей және Пушкиногор ауданы әкімшілігі бастығының орынбасары В.И. Алексееваның айтуы бойынша менің жауынгер ағам Мүбәрак та 33-атқыштар дивизиясының құрамында орыстың ұлы ақыны Александр Сергеевич Пушкиннің сүйегі жерленген зиратты және оның жерін дұшпанның қанды тырнағынан аман алып қалу үшін, еліміздің тарихи да, қасиетті жерін басқыншылардан тазарту жолында жан аямай шайқасып, мерт болған екен.

Неміс фашистері Пушкиннің зиратының түбінен 1 метр 20 сантиметрлік туннель қазып, оған 10 авиабомба жасырды. Сөйтіп, кеңес әскерлерінің тегеуірінді шабуылына шыдамай қорғаныстан шегінер күн болса, фашистер ұлы ақынның моласын жермен-жексен етіп кетпек болған... Осы хабар барлаушылар арқылы кеңес әскери құрамаларына да жетті. Қайтсе де Пушкин қорығы мен оның зиратын аман алып қалуды көздеген 435-ші полктың басшылығы бір топ ержүрек жауынгерлерден ерекше отряд дайындады. Олардың мақсаты жаудың Пушкин музейінің маңына бекінген күшінің орналасқан жерін анықтап, арттағы артиллерияға оның дәл координатын беру еді. Ал жаудың нақты орналасқан жері белгілі болса, кеңестің “соғыс құдайы” аталған “катыошалары” дәл көздеп, олардың аяғын аспаннан келтірмек-ті.

Міне, осы он адамдық шағын барлаушылар тобына қазақ ұланы Мүбәрак Қанғожин де алынды. Алдарындағы қарша бораған оқтың астынан аман өткен бірнеше жауынгер тапсырманы мүлтіксіз орындап, артиллерияға дерек берді. Ал зеңбірекшілер өз жұмысын өте шебер орындады. Сөйтіп Александр Сергеевич Пушкиннің зиратын да, Михайловское мен Тригорское мекенін де жарылыстан аман алып қалады.

Менің ендігі мақсатым - бауырым Мүбәрактің зиратына барып құран оқу, оған туған жерінің бір уыс топырағын апару еді. Сонымен бірге ағамның сүйегі жатқан қорымнан бір уыс топырақты елге, оның әке-шешесі жерленген зиратқа жеткізсем деген ой да бар еді көңілімде. Баратын жердің өзі де жақын емес, жас болса жетпіске таяп қалған, денсаулық та мықтап сыр беріп жүр. Бұл сапарыма өзім жақсы көретін біртуар азаматтар да қолдау көрсетті. Сөйтіп, көрсем деп армандап жүрген, ағамның сүйегі жерленген Псков облысының Пушкиногор ауданына жол тарттым.

Пушкиногорьені мұндағы халық Пушкин өлкесі деп атайды. Орыстың ұлы ақыны Александр Сергеевич Пушкин бұл жерде барлығы екі жарым жылдай ғана тұрған көрінеді. Оған топырақ та осы жерден бұйырыпты. Пушкиногор тұрғындары А.С. Пушкиннің атына байланысты дүниенің бәрін ерекше құрметпен сақтайды екен. А.С. Пушкиннің бүкіл әлемге белгілі «Михайловское» деп аталатын музей – қорығы да осында. Бұл жер ақынның арғы атасы Ганибалдан Пушкиндер әулетіне қалған мұра еді. Ақынның және оның күтушісі болған Арина Радионовнаның үйлері, онда Александр Сергеевичтің осында тұрған кезінде пайдаланған заттары, фотосуреттер, көне кітаптар, ақынның қолжазбалары сақталған.

Пушкиногор ауданының басшылары мені өте жақсы қарсы алды. Отан соғысында қаза тапқан әкелері мен бауырларының зиратын іздеп барған адамдардың барлығына да құшақтарын айқара ашып, ерекше ілтифат көңілмен қарсы алатын көрінеді. Өйткені бұл жердің халқы жау қолында қалып, фашистерден не бір теперіштерді көрген, аштықты да, жалаңаштықты да, азапты да бастарынан өткерген. Бүгіндер шат-шадыман өмір кешіп отырған осы өңірдің жасы да, кәрісі де туған жерлерін кеңес әскерлерінің жаудан қандай қырғын, қан төгіс, аласапыран айқаспен, жан алысып, жан берісіп тазартқанын жақсы біледі. Олар қаны мен жанын аямай соғысып, бостандыққа қол жеткізді емес пе! Бұрынғы кең байтақ кеңес елінің әр түкпірінен отансүйгіштік, патриоттық сезіммен келіп жаумен шайқасқандардың ішінде қандай ұлттың өкілі болмады дейсің! Мен Мүбәрак ағам жерленген туысқандар зиратынан бір уыс топырақты ұстап тұрып, тебіреніп, бір ғажайып ойға кеттім. Бұл топырақ мыңдаған адамның қаны шашылған, мыңдаған боздақтардың қаны судай төгілген салмағы өте ауыр, қасиеті де, киесі де орасан күшті топырақ! Бір ғажайы

осы топырақтың түсі де қызғылт екен, шынымен де қызыл қанға боялғандай. Қайран қалдым! Қос уыс топырақты орап алдым. Бауырластар зираты бір биік шоқының басында екен. Чертова гора дейтіні де сол биікке байланысты болса керек. Зиратқа қойылған монументтің іргесіне гүл шоқтарын қойып, өз білген аятымды оқыдым. Ескерткіш стелланы құшақтап тұрып боздап жылап, біраз мауқымды басып алдым. Мүбәрак ағамның кіндік қаны тамған, туып-өскен жерінен әкелген қос уыс топырақты бауырластар бейітіне септім.

Ағам менің зиратқа келгенімді білді ме екен? Туған жерінің топырағынан жусанның иісін, жылылығын сезінді ме екен менің бауырым? Бұл топырақта өзің туып-өскен Қарағашыңның тыныс-демі, ондағы бауырларыңның саған деген сағынышы бар, ыстық сәлемі бар. Осы қасиетті де киелі топырақ арқылы сенің батырлығыңа, қазақ деген халықтың, яғни, біздің намысымызды, туымызды жықпай, жаумен шайқаста көрсеткен ерлігіне кереметтей риза екендігімізді білдіремін. Сенің арыстандай айбатты, өжеттігің, қаһармандығың ауыл жастарына үлгі, өнеге. Мен батыр ағаның сәлем – топырағын елге апарамын.

Қасымда еріп жүрген әкімшілік азаматтарының көмегімен үйден арнайы алып барған бейнекамерамен он бес минуттай бейнефильм де түсіріп алдым. Өзіміздің ұлттық, мұсылмандық ақ дастарқанымызды жайып, аудан басшылары мен туысқандар зиратын күтушілерге, журналистерге ас бердім. Оларға ұлттық шапан мен бөрік, тақияларды жолжоралғы етіп, сыйға тарттым. Осы мемориалды күтімдеріне алып жүрген мектеп оқушыларының бір тобына да сый-сияпат көрсеттім.

Мүбәрак ағамның зираты Святогорское шіркеуінен 5 шақырымдай жерде екен, онда сырбаз ақын Александр Сер-

геевич Пушкин жерленген, ескерткіші де тұр. Ұлы ақынның басына барып, тағзым еттім, ескерткіштің тасын сипадым, топырағын торқа болсын, жатқан жерің жайлы болсын, дүлдүл ақын дедім.

Менің аяулы ағам сені, сенің ата-бабаның жерін неміс-фашистерінен қорғап жүріп опат болды. Ол енді сенің жаныңда мәңгілікке қалды. Сен туып-өскен киелі жердің топырағы менің батыр ағама жайлы болсын, торқа болсын деймін.

Пушкиногор ауданы әкімшілігінің мені бастап жүрген қызметкерлері А.С. Пушкинге байланысты жерлерді түгел аралатып, көрсетті. Пушкиннің музей-қорығын қызықтауға күн сайын ондаған адамдар, тіпті, шет елдерден де келеді екен.

Мүбәрак ағамның зиратынан алған қос уыс қызыл күрең топырақты елге келгеннен кейін шешемнің зиратының қасына жерлеп, ағамның рухы орналасқан осы араға ескерткіш құлыптас қойдым. Тірісінде көре алмай, сағынып, сарғайған марқұм шешем енді Мүбәрағын бауырына алып жатыр. Қарағаш ауылында ас беріліп, аруақтарға Құран бағышталды. Алла қабыл етсін. Бір қуанарлығы осы аста ауыл жастары өте көп болды. Әсіресе мектеп оқушыларының батыр ағаларының ерлігіне қызығуы, тәнті болуы ерекше көрінді.

Бұл сапарыма өзім жақсы көретін біртуар азаматтар Құдайберген Қалиев, Жомарт Қажрахымов және Анатолий Рязжскихтер қолдау көрсетіп, қаржылай қадари халдерінше көмектесті. Екі дайда омырауын айқара ашып, білек сыбанып, мен мұңдалап шыға келетін өз еліңнің азаматтарына не жетсін, шіркін! Мың рахмет, бауырларыма! Ресейде –Абай жылы, Қазақстанда - Пушкин жылы деп жарияланған кез еді бұл. Орыс халқы мен қазақ халқының достығын паш етеміз деп теледидардан суырылып сөйлеп жүрген Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Тайыр Мансұров мырза бұл оқиғадан

мақұрым болып, ештеңе білмеген, естімеген, сезбеген күйде қалды.

Ал Александр Сергеевич Пушкиннің зиратын және ескерткішін, тіпті оның атамекенін неміс-фашистерімен қасық қаны қалғанша айқасып, қорғап қалған Солтүстік Қазақстан облысынан шыққан батыр жауынгер туралы облыстық, республикалық газеттер мен журналдар орыс және қазақ тілдерінде жазып жатты. Бұл туысқан екі халықтың достығына дәнекер болатын үлкен оқиға, тіпті, құбылыс!

**МИХАЙЛОВСКОЕ МЕКЕНІН ҚОРҒАҒАН
МҮБӘРАК 1944 ЖЫЛЫ
А.С. ПУШКИННІҢ ЗИРАТЫН
ЖАРЫЛЫСТАН АМАН АЛЫП ҚАЛДЫ**

*“Тірі адамның қадірін біл,
өлген адамның қабірін біл”.*

Татар мақалы

Ресейдің Псков облысында орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкиннің “Михайловское” деп аталатын музей-қорығы бар екенін көзі ашық жанның бәрі біледі. Ұлы Абайдың Жидебайдағы музей-қорығы әрбір қазақтың жүрегіне қандай ыстық болса, әрбір орысқа бұл жер де сондай жақын.

Михайловское селосын патша өкіметі ұлы ақынның музей-қорығын жасау ниетімен оның ұлы Григорий Александрович Пушкиннен 1899 жылы сатып алады. Бұл Пушкиндер әулетіне арғы аталары, ұлты араб Ибрагим Ганнибалдан қалған мұра еді.

Қазір бұл жерді әдеби-мемориалдық музей ретінде әдебиет сүйер қауым жақсы біледі. Михайловское мен Тригорское мекеніндегі, сондай-ақ күтуші болған Арина Родионовнаның үйінде орналасқан және Успен соборындағы мұражайларда

ақынның өз қолының ыстық табы қалған талай жәдігерлер орын алған. Оларды көрген өнер адамдары, әдебиетшілер, ақындар ұлы адамды көз алдына елестетіп, шығармашылық шабыт алып, талай өлмес туындылар өмірге келіп жатыр. Ақынның қолжазбаларының фотокошірмелері, суреттері, көзінің тірісінде жарық көрген шығармалары – міне, соның бәрі ақынжанды адамның бәріне рух беретін дүниелер.

...1941 жылдан 1944 жылдың ортасына дейін бұл қорыққа Ленинград, Псков облыстарын басып алған неміс-фашист басқыншылары иелік етті. Олар ақын музейі орналасқан табиғаты өте көркем қорыққа қолдарынан келген қысастығын істеп бақты. Парктегі әдемі ағаштарды кескізіп тастады. Мұражайдағы тылға әкете алмай қалған құндылықтардың бәрін жиыстырып, тіпті, әнші құстарды да ұстатып елдеріне жіберді. 1943 жылы кеңес әскерлері жақын қалғанда Арина Родионовнаның үйін өртеп, Пушкиннің ескерткішін қиратып, осы жерде “Пантера” атты қорғаныс шебін жасады.

Жанталаса қорғанған неміс әскерлеріне қарсы 1944 жылғы 26 наурызда Великая өзенін кесіп өткен 208-ші дивизияның 435 және 578-ші полктары өте ауыр шайқастар жүргізді. Оның тегеурінінен қорғаныстарының ұзаққа шыдамасын білген фашистер ұлы ақынның көзі болған дүниенің бәрін жоқ қылып кетуге бел байлайды. Басқасы түгіл Пушкиннің зиратының түбінен 1 метр 20 сантиметрлік туннель қазып, оған 10 авиабомба жасырды. Сөйтіп, қорғаныстан шегінер күн болса, ақынның моласын жермен-жексен етіп кетпек болған...

Осы хабар барлаушылар арқылы кеңес әскери құрамаларына да жетті. Қайтсе де Пушкин қорығы мен оның зиратын аман алып қалуды көздеген 435-ші полктың басшылығы бір топ ержүрек жауынгерлерден ерекше отряд дайындады. Олардың мақсаты жаудың Пушкин музейінің маңына бекінген күшінің орналасқан жерін анықтап, арттағы артиллерияға оның дәл координатын беру еді. Ал жаудың нақты орналасқан жері белгілі

болса, кеңестің “соғыс құдайы” аталған “катюшалары” дәл көздеп, олардың аяғын аспаннан келтірмек-ті.

Міне, осы он адамдық шағын барлаушылар тобына қазақ ұланы Мүбәрак Қанғожин де алынды. Алдарындағы қарша бораған октың астынан аман өткен бірнеше жауынгер тапсырманы мүлтіксіз орындап, артиллерияға дерек берді. Ал зеңбірекшілер өз жұмысын өте шебер орындады. Сөйтіп, жау ақын қорығын тастап шығуға мәжбүр болады...

Енді Мүбәрактың командирі, майор И.Седельниковтың оның анасы Бәтішке жазған алғыс хатына сөз берейік. “Вап сын сержант Мубарак в части считается лихим, смелым разведчиком. В боях с фашистскими оккупантами... он, как сын братского казахского народа, показал себя бесстрашным, мужественным воином.

Не считаясь ни с какими трудностями, не жалея сил, рискуя своей жизнью под сильным артиллерийско-минометным и пулеметным огнем врага, в непосредственной близости от противника он разведывал вражеские огневые точки, которые уничтожались нашей артиллерией. Он пользуется большим доверием со стороны командования части, которое высоко ценит его заслуги перед Родиной. Слава лихому разведчику-артиллеристу! Слава семье, воспитавшей бесстрашного воина!”

Міне, хаттың мәтіні осындай. Одан қазақ ұлы, жас Мүбарәктың ерлігі анық көрінеді. Бірақ, бір өкініштісі, бәлкі әскери құпия болғандықтан шығар, жас жауынгердің Пушкин қорығын қорғағаны және оның зиратын аман алып қалғаны туралы нақты деректер айтылмайды...

...Арада ұзақ жылдар өтті. Мүбәрактың жалғыз інісі Мүтәллап ержетіп, облысқа, қала берді бүкіл республикаға белгілі ақын, журналист болды. Ол ағасының Пушкиногор өңірінде қайтыс болғанын біліп, сол ауданның әкімдігіне оның зиратын анықтап беруді өтініп хат жазды. Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында жазылған бұл хатқа аудан басшысының

орынбасары В.Алексеевадан жауап келді. Онда былай делінген: “При прорыве линии “Пантера” погибло 3600 советских воинов. Все они, в том числе Ваш брат, похоронены в братской могиле на Чертовой Горе. В 1965 году здесь установлен памятник. Надпись на нем гласит: “26 марта 1944 года воины 435 и 578 стрелкового полка форсировали р. Великую, прорвали оборонительную линию противника, закрепились на плацдарме дер. Чертова Гора, обеспечив условия для успешного освобождения территории Пушкинского заповедника и п. Пушкинские Горы от немецко-фашистских захватчиков...” Міне, бұл құжаттан Мүбәрактың ұлы ақынның жерін, соның ішінде зиратын жаудан алып қалғаны көрініп тұр. Ендеше 20 жасар қазақ ұланы ұлы Пушкиннің жолында мерт болды десек еш қателеспейтініміз анық... Оның және жанындағы жолдастарының жанқиярлық ерлігінің арқасында ғана Пушкиннің зираты сақталып қалды. Және соның арқасында музей-қорықты қайтадан калпына келтіруге мүмкіндік туды. Сондықтан батырлықтың бағасын білетін ұлы ақынның білікті жерлестері қазақ батыры Мүбәрактың ерлігіне қатты риза екен. Ол жайлы төменде баяндаймыз.

...Ағасының ұлы адамның жолында опат болғаны ақын Мүтәллапқа қатты әсер етті. 2005 жылдың шілдесінде өзінің ауырыңқырап жүргеніне қарамай, жетпіске таянып қалған ақсақал алыс жолға шықты. Оның көздеген мақсаты: ағасының қаны төгіліп, қаза тапқан жерге мінежат етіп қайту. Сонымен бірге, туған жері Қарағаштың оған бұйырмаған бір уыс топырағын апарып, ағасының мүрдесіне салу еді.

Келе жатқанын айтып бірауыз сөзбен жеделхат жіберген мұны вокзалдан аудан әкімдігі басшысының орынбасары В.Алексеева бастаған арнайы делегация қарсы алды. Барлық құрметті көрсете отырып, оған қонақ үйден тегін орын берді. Ертесіне жанына аудандық әскери комиссарды қосып, арнаулы көлікпен аудан орталығынан бөлек жердегі Туысқандар

моласына дейін шығарып салады.

